

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 164 қаулысына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 қазандағы N 1079 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, қорғанысының, қауіпсіздігінің және құқық тәртібін қорғаудың мұқтаждары үшін жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желілерін дайындау мен пайдаланудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 164 қаулысына (Қазақстан Республикасы Үкіметінің ПУКЖ-ы, 2001 ж., N 4-5, 53-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, қорғаныс, қауіпсіздік және құқық тәртібін қорғау органдарының мұқтаждары үшін жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желілерін, біртұтас телекоммуникациялар желілерінің ресурстарын дайындау мен пайдаланудың ережесін бекіту туралы";

к і р і с п е д е :

"1999 жылғы 18 мамырдағы" деген сөздер "2004 жылғы 5 шілдедегі" деген сөздермен аудиоиздесінде:

"және "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 наурыздағы N 367 қаулысын" деген сөздер алдынып тасталсын;

1-тармақта "қорғанысының, қауіпсіздігінің және құқық тәртібін қорғаудың" деген сөздер "қорғаныс, қауіпсіздік және құқық тәртібін қорғау органдарының" деген сөздермен аудиостырылсын, "желілерін" деген сөзден кейін ", біртұтас телекоммуникациялар желілерінің ресурстарын" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, қорғанысының, қауіпсіздігінің және құқық тәртібін қорғаудың мұқтаждары үшін жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желілерін дайындау мен пайдаланудың ережесінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, қорғаныс, қауіпсіздік және құқық тәртібін қорғау органдарының мұқтаждары үшін жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желілерін, біртұтас телекоммуникациялар желілерінің ресурстарын дайындау мен пайдаланудың ережесі";

барлық мәтін бойынша "ұлттық оператордың", "ұлттық байланыс операторы" және "ұлттық оператор" деген сөздер "қалааралық және халықаралық байланыс операторының", "қалааралық және халықаралық байланыс операторы" және "қалааралық және халықаралық байланыс операторы" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бейбіт уақытта, төтенше жағдайлар туындаған кезде, айрықша маңызды жұмыстар мен іс-шаралар жүргізген кезде және соғыс уақытында Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, қорғаныс, қауіпсіздік және құқық тәртібін қорғау органдарының мұқтаждары үшін жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желілерін (бұдан әрі - ЖПТЖ), біртұтас телекоммуникациялар желілерінің ресурстарын (бұдан әрі - БТЖ) дайындау мен пайдаланудың тәртібін;";

2 - т а р м а қ т а :

алтыншы және жетінші абзацтар алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, қорғаныс, қауіпсіздік және құқық тәртібін қорғау органдарының мұқтаждары үшін біртұтас телекоммуникациялар желілерінің ресурстары - Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, қорғаныс, қауіпсіздік және құқық тәртібін қорғау органдарына байланыс қызметтерін көрсетуге арналған телекоммуникациялар желілерінің (нумерация ресурсының) жиһнұтығы; " ;

3 - т а р м а қ т а :

"Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі," деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі," деген сөздермен толықтырылсын;

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 , 3 және 4 - тақырыптарда:

"ЖПТЖ-ны" деген аббревиатурадан кейін ", БТЖ-ны" деген аббревиатурамен толықтырылсын;

"қорғаудың" деген сөз "қорғау органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК